

3 Тақырып

Су ресурстарын интегралды басқару (СРИБ) туралы түсінік

Су ресурстары бойынша халықаралық басымдықтар:

- ❑ Су туралы БҰҰ конференция, Мар дел Плата, 1977
- ❑ Су және қоршаған орта туралы халықаралық конференция, Дублин, 1992
- ❑ Қоршаған орта және тұрақты даму туралы БҰҰ конференция, Рио-де-Жанейро, 1992
- ❑ 1-ші Дүниежүзілік Су Форумы, Марракеш, 1997
- ❑ 2-ші Дүниежүзілік Су Форумы, Гаага, 2000
- ❑ 3-ші Дүниежүзілік Су Форумы, Киото, 2003
- ❑ 4-ші Дүниежүзілік Су Форумы, Мехико, 2006
- ❑ 5-ші Дүниежүзілік Су Форумы, Турция, 2009
- ❑ 6-шы Дүниежүзілік Су Форумы, Марсель, 2012
- ❑ 7-ші Дүниежүзілік Су Форумы, Корея, 2015

Халықаралық су басымдықтары



- **22 наурыз**
Дүниежүзілік су ресурстары күні
- **5 маусым**
Дүниежүзілік қоршаған орта күні
- **8 маусым**
Дүниежүзілік мұхиттар күні
- **25 қыркүйек**
Дүниежүзілік теңіз күні
- **19 қараша**
Дүниежүзілік дәретхана күні



- **2013 жыл**
Халықаралық су ынтымақтастық жылы
- **2008 жыл**
Халықаралық саниятария жылы
- **2003 жыл**
Халықаралық тұщы су жылы
- **1998 жыл**
Халықаралық мұхит жылы



- **2005-2015 жылдар**
“Су өмір үшін” әрекетінің халықаралық мыңжылдығы
- **1981-1990 жылдар**
Ауыз су және санитариямен қамтамасыз ету халықаралық мыңжылдығы

Халықаралық су басымдықтары-1

1996 жылы Марселдегі штаб-пәтерде Дүниежүзілік су Кеңесі құрылды. Оның қамқорлығымен мынадай Дүниежүзілік су форумдары өтті:

- ▶ **Бірінші Дүниежүзілік Су Форумы** 1997 ж. Марракеште өтті (Марокко). Марракеш Декларациясында мынадай су ресурстары мәселелері орын алды: қауіпсіз ауыз су мен негізгі санитарлық жағдайлар мүмкіндігін қамтамасыз ету, трансшекаралық су алаптарын басқаруда тиімді механизмдерді ендіру қажеттілігі, табиғи экожүйелерді қорғау, суды тиімді пайдалануды ынталандыру.

Екінші Дүниежүзілік Су Форумы 2000 ж. Гаагада өтті. Онда “Дүниежүзілік су ресурстарын көру: суды әрқайсысының ісі ету” деген қағида мақұлданды.

Халықаралық су басымдықтары-2

Үшінші Дүниежүзілік Су Форумы 2003 ж. наурызда Жапонияның (Киото, Шига және Осака) үш қаласында өтті. Су үшін пайда болатын кризистік жағдайларды ескерту мен мемлекетаралық қақтығыстарды шешуге бағытталған ЮНЕСКО-ның жаңа халықаралық ұйымдар құруы жайлы шешімі осы форумның маңызды нәтижесі болды. Бұл ұйым “Потенциалды қақтығыстан потенциалды ынтымақтастыққа дейін” деген атқа ие болып, оның Хатшылығы Париждың ЮНЕСКО штаб-пәтерінде орналасты.

Төртінші Дүниежүзілік Су Форумы 2006 ж. Мехикода өтті. Оның негізгі тақырыбы – «Жергілікті әрекет ғаламдық шақырту үшін» деп аталды.

Бесінші Дүниежүзілік Су Форумы Стамбулда 2009 ж. 19-22 наурызда өтті. Негізгі тақырыбы - «Суларды бөлетін шекараларды жою» болды.

Халықаралық су басымдықтары-3

Алтыншы Дүниежүзілік Су Форумы: «Шешімдер уақыты» 2012 ж. 12-17 наурызда Францияның Марсель қаласында өтті. Форумның тематикалық үрдісінің платформасы 3 стратегиялық бағытта құрылды: «саулық», «экономикалық даму», «Ғаламшардың көктігін сақтаймыз». Бұл Форумды қолдау мақсатында азқалдықты технологиялардан әлемдік саясаттың құрылымы бойынша ұсыныстарға дейін 1,5 мың шешімдер жиналған практикалық шешімдердің Платформасы құрылды.

Жетінші Дүниежүзілік Су Форумы «Су біздің болашағымыз үшін» 2015 ж. 12-17 сәуірде Кореяның Тэгу және Кенджу қалаларында өтті. Форумның тематикалық құрылымы 4 мақсаттық категорияларды қамтыды: «Су қауіпсіздігі барлығы үшін», «Су даму және өркендеу үшін», «Су тұрақтылық үшін: адам мен табиғаттың үйлесімділігі», «Ендірудің пайдалы механизмдерін жасау».

Су ресурстарын басқарумен айналысатын барлық ұйымдар үшін ашық халықаралық желілік құрылым.

Тапсырмалары – су ресурстарын тұрақты басқаруда мемлекеттердің қолдауы.

Міндеттері – Әлемдік деңгейде су ресурстарын бірлесіп басқару қағидаларын, сондай-ақ ақпараттармен, тәжірибелермен алмасуды дамыту және ендіру.

Құрамына кіретіндер: дамыған және дамушы елдердің үкіметтік мекемелері, БҰҰ мекемелері, даму банктері, кәсіби қоғам, ғылыми-зерттеу институттары, үкіметтік емес ұйымдар мен жеке меншік секторы.

- FCC Дүниежүзілік Су Кеңесімен (ДСК) тығыз байланысты.
- Үшінші Дүниежүзілік Су Форумынан (2003 ж. наурыз Киото) кейін FCC су ресурстарын бірігіп басқарудың (СРББ) тұжырымдамалық дамуын кеңейтумен және практикалық дағдыларды күшейтумен айналысады.

ҒСС не үшін құрылды?

- 1992 ж. Дублиндік конференцияда су және қоршаған орта туралы, сондай-ақ 1992 ж. Рио-де-Жанейрода қоршаған орта мен тұрақты даму туралы БҰҰ конференциясында су ресурстарын басқару процесінде тұрақты дамуға жету үшін кешендік әдістер ұсынылды. Бұған жауап ретінде Әлемдік банк, БҰҰ даму бағдарламасы және Швед агенттігі халықаралық даму бойынша **1996 жылы Ғаламдық Су Серіктестігін құрды.**

Дублиндік Қағидалар

Су ресурстарын басқару

1992 ж. Су және Қоршаған Орта жөніндегі халықаралық конференцияда Дублиндік қағидалар ұсынылды.

Дублиндік қағидалар су шаруашылығының келесідей реформаларының негізі болды:



Тұщы су – қоршаған ортаның дамуы мен тіршілікті сақтау үшін маңызды болып табылатын сарқылатын ресурс.



Су шаруашылығын дамыту мен басқаруда әр түрлі деңгейде саяси шешімдерді қабылдайтын ұйымдардағы қызметкерлер мен пайдаланушыларды қызықтыру үшін жалпыға бірдей негіздеу қажет.



Су ресурстарын қамтамасыз етуде, басқаруда және қорғауда әйелдер маңызды рөл атқарады.



Әр түрлі мақсатта пайдаланылатын судың экономикалық бағасы болады. Ол экономикалық тауармен, сондай-ақ әлеуметтік тауармен мақұлдануы қажет.

Қағида 1


Тұщы су – қоршаған ортаның дамуы мен тіршілікті сақтау үшін маңызды болып табылатын қайта қалпына келмейтін ресурс.



Тұщы судың шектеулі ресурс екендігі жайлы көзқарас жылдың орташа бөлігіндегі гидрологиялық циклдың нәтижесінде судың фиксациялық көлемінің болуынан туындайды. Бұл көлем адамдардың іс-әрекеті нәтижесінде айтарлықтай көбейе алмайды, керісінше антропогендік ластанудың нәтижесінде азаяды. Тұщы судың қорлары – табиғи ресурс болып табылады. Оларға қажетті қызметтерді орындай отырып, үнемі сақтау қажет.

Қағида 2

Су шаруашылығын дамыту мен басқаруда әр түрлі деңгейде саяси шешімдерді қабылдайтын ұйымдардағы қызметкерлер мен пайдаланушыларды қызықтыру үшін жалпыға бірдей негіздеу қажет.



Су – ресурс, бұл қатынаста адамдардың әрқайсысы бенефициарий болып табылады. Шешімдерді қабылдау үрдісіне ат салысатын қатысушыларды нағыз бенефициарлар деу орынды болады. Қатысудың түрлері өзіндік су шаруашылығына тән және инвестициялық шешімдерге сәйкес келетін жұмыстың көлеміне байланысты. Қатысудың сипаты шешімдер қабылданатын саяси ортаға да тәуелді. Барлық бенефициарлардың қатысуымен өтетін тәсіл – ұзақ уақыттық келісім мен жалпы бітімге келудің ең жақсы құралы. Бұған қатысу жауапкершілікті көтеріп, сондай-ақ суды пайдалану мен ресурстың тұрақты даму тиімділігін арттыруда міндеттемелерді қабылдауды білдіреді.

Қатысу әрдайым бәтуаға әкелмейді, сондай-ақ қақтығыстарды шешуде арбитраж (төрелік) бен басқа да механизмдер қажет. Үкімет бенефициарлардың, әсіресе әйелдер мен басқа да әлсіз әлеуметтік топтардың қатысуына мүмкіндіктер жасауына көмектесу керек. Қатысуды күшейтудің бірден-бір стратегиясы қажетті ең төменгі деңгейге дейін шешім қабылдауды децентрализациялау (жекелендіру).

Қағида 3

Су ресурстарын қамтамасыз етуде, басқаруда және қорғауда әйелдер маңызды рөл атқарады.




Су ресурстарын дамыту мен басқару бағытындағы институционалдық іс-шараларда үй шаруашылығына суды негізгі жеткізуші мен пайдаланушы және қоршаған ортаны қорғаушы ретінде әйелдердің рөлі төмен болды. Тұрмыстық-шаруашылық қажеттіліктер үшін суды жинақтау мен пайдалануда, ауылшаруашылығында пайдаланудың көптеген жағдайларында әйелдердің маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Бірақ, әйелдер еркектерге қарағанда су ресурстарына қатысты басқаруда, мәселелерді анализдеу мен шешім қабылдау үрдісінде басым рөлді атқармайды.

СРББ әйелдер рөлінің мойындалуын талап етеді. Шешімдерді қабылдаудың барлық деңгейінде әйелдердің толық және тиімді қатысуын қамтамасыз ету үшін еркектер мен әйелдер арасындағы әр түрлі қоғамдық фармациялардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени рөлдерін бөліп қарастыратын тәсілдерді міндетті түрде ескеру қажет. Әйелдер мен еркектер арасындағы тең құқылы қатынас пен су ресурстарын тұрақты басқарудың арасында маңызды байланыс бар.

Су ресурстарын барлық деңгейде басқаруда еркектер мен әйелдердің қатысуы тұрақтылыққа жетуді тездетеді, ал су ресурстарын бірігіп басқару еркектер мен әйелдер арасындағы тең құқылыққа жетуге өз үлесін қосады.

Қағида 4

Әр түрлі мақсатта пайдаланылатын судың экономикалық бағасы болады. Ол экономикалық тауармен, сондай-ақ әлеуметтік тауармен мақұлдануы қажет.



- Бұл қағиданың аясында, ең алдымен, барлық адамдардың сапалы суға қолжетімділігін және қолайлы бағадағы қалыпты санитарлық жағдайларға негізгі құқықтарын мойындау маңызды.
 - Суды экономикалық тауар ретінде басқару суды пайдаланудың тиімділігі мен тең құқықтылығын және су ресурстарын қорғау мен экономиканы көтермелеу сияқты әлеуметтік мақсаттарға жетуде маңызды тәсіл болып табылады.
- Судың экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік тауар ретінде бағасы болады. Су ресурстарын басқарудағы бұрынғы сәтсіздіктердің көбісі судың толық бағасы мойындалмағандықтан туындады.
- Баға мен төлем – екеуі екі түрлі ұғым және де біз олардың арасындағы айырмашылықтарды білуіміз қажет.
 - Судың тиімді таралуы үшін баламалы пайдалануда судың бағасы реттеуші немесе экономикалық құрал ретінде маңызды.
- Төлем – үнемдеу және суды тиімді пайдалану тұрғысынан әлсіз топтарға көмек ретінде қолданылатын экономикалық құрал.

СРББ-ға анықтама

- ▶ ҒСС анықтамасы бойынша «су ресурстарын бірігіп басқару» (СРББ) бұл «экожүйенің тұрақтылығына зиянын тигізбей, су, жер және басқа да ресурстардың дамуы мен басқаруына максималды түрде Әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне жету мақсатына септігін тигізетін үрдіс».

Суды пайдаланудың барлық түрлерінің өзара тәуелділігін мойындау СРББ негізі болып табылады:



- ✓ Үлкен суару нормасы мен ластанған көріз сулардың тастандылары өнеркәсіп пен ауыз су қажеттіліктері үшін тұщы судың қорын төмендетеді;
- ✓ Ағынды сулар өзендерді ластап, экожүйелерге қауіп төндіреді;
- ✓ Балық шаруашылығы мен экожүйелерді қорғау мақсатында суды сақтау – ауылшаруашылығындағы тоғандарды азайтады.



Судың шектеулі қорларын тиімсіз пайдалану бейберекет және соған сәйкес тұрақты емес болуына көптеген басқа да мысалдар бар.

СРББ-ға анықтама

СРББ су ресурстарының Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерімен қоса, тұрақты дамуын, таралуын және пайдаланудың мониторингін қамтамасыз ететін үздіксіз үрдіс болып табылады.



СРББ әр түрлі ұйымдардағы жауапкершіліктерді ведомстволық тәсілмен қарастырады:

- ✓ ауыз сумен қамтамасыз етуді;
- ✓ суландыруға бөлінетін суды;
- ✓ қоршаған ортаны қорғау және т.б.

Сонымен қатар, заңдылығы мен тиімділігі көбірек күдік тудыратын «жоғарыдан төменге қарай» жүйесі пайдаланылады.

Салааралық байланыстардың жетіспеушілігі су ресурстарының дамуы мен басқаруында қақтығыстарға, жүйенің жоғалуы мен тұрақсыздығына алып келеді.

СРББ экономиканың жеке секторларын үйлесімділік және ынтымақтастықпен, сондай-ақ аймақтың ашық және тиімді басқарылуын қамтамасыз етеді.

СРББ-ға анықтама. Негізгі қағидалары

БҰҰ және Ғаламдық Су Серіктестігі бағдарламаларында «тиімді бірігіп басқару» термині мына қағидаларға негізделеді:

- ашықтық (ақпараттарға қолжетімділік);
- айқындық (саяси және қаржы шешімдерде);
- серіктестік (қызығушылық танытқан қатысушылармен);
- есеп берушілік (рөлдерді, жауапкершіліктерді нақты бөлген жағдайда);
- нәтижелілік (нақты мақсат негізінде);
- логикалық бірізділік (түсіністік пен қолдау үшін);
- тиімділік (бірінші орында экономикалық);
- бейімділік (ақпараттармен еркін алмасу);
- Әділдік (негізгі топтардың қызығушылықтарын есепке алу);
- бірлесу (суды пайдаланудың барлық субъектілері мен олардың әсерлерін есепке алу);
- тұрақтылық (болашақ ұрпақтар мен экожүйелердің қызығушылықтарын есепке алу);
- адамгершілік (қоғамның адамгершіліктік қағидаларын ескеру).

СРББ-ға анықтама. Негізгі қағидалары

- ▶ Су шаруашылығын басқару практикасындағы ең дұрысы **су ресурстарын бірігіп басқару (СРББ)** болып табылады. СРББ төмендегі қағидаларға негізделген және жеке мемлекеттердің қажеттіліктеріне бейімделген икемді тәсіл ретінде қарастырылады. 1992 жылы Рио-де-Жанейрода **Тұрақты Даму бойынша өткен Конференцияда СРББ-ның 6 негізгі қағидалары көрсетілді:**



Су алабы су ресурстарын басқару үшін ең дұрыс әкімшілік бірлік болып табылады.



Өзен алабының аймағын құрайтын су және жер ресурстары бірігіп жоспарлануы мен басқарылуы тиіс.




Су ресурстарын жоспарлау мен басқару аясында әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлар бірігуі қажет.



Су ресурстарын жоспарлау мен басқару аясында жер үсті, жер асты және су ағып өтетін экожүйелер бірігуі қажет.



Тұрғындардың қатысуы су ресурстары бойынша сұрақтардың тиімді шешім қабылдануы үшін өте қажет.



Су ресурстарын басқарудағы мәселелердің шешім қабылдануында айқындылық пен есеп берушілік СР жақсы жоспарлау мен басқарудың міндетті сипаттамалары болып табылады.

СРББ көшу құралдары мен негізгі тәсілдері

СРББ енгізуге арналған 3 негіз:

Экономикалық
тиімділік

Әділдік

Экологиялық
тұрақтылық

Басқару құралдары:

- ✓ Су ресурстарын бағалау
- ✓ Су ресурстарын басқару жоспары
- ✓ Сұранысты басқару
- ✓ Әлеуметтік өзгерістер құралдары
- ✓ Қақтығыстарды шешу
- ✓ Реттеу құралдары
- ✓ Экономикалық құралдар
- ✓ Ақпараттармен алмасу және басқару

Шарттарды құру:

- ✓ Саясат
- ✓ Заңнамалық негіз
- ✓ Ынталандырушы және қаржылық құрылым

**Әкімшілік
құрылым:**

- Орталық/Жергілікті
- Өзен алабы
- Қоғамдық/Жеке меншік

«СУ ТАБЫС ҮШІН» және «СУ РЕСУРС РЕТІНДЕ» тепе-теңдігі

СРББ енгізуге арналған негізгі бағыттар

СРББ енгізуге арналған сәйкес шарттарды құру:

1. Саясат – су ресурстарын қорғау мен сақтаудың пайдалану мақсаттарын орнату.
2. Заңнамалық негіз – саяси мақсаттарға жету ережесі.
3. Ынталандырушы және қаржылық құрылым – су ресурстарының даму талаптарына жауап беретін қаржыларды үлестіру.


Институционалдық ресурстар:

4. Ұйымдық құрылымды құру – пішім және қызметтер.
5. Институционалдық әлеуетті құру – еңбек ресурстарының дамуы.

Басқару құралдары:

6. Су ресурстарын бағалау – ресурстар мен қажеттіліктерді инвентаризациялау.
7. СРББ үшін жоспарлар – даму нұсқаларының үйлесімділігі, ресурстар мен өзара әрекеттестіктерді пайдалану.
8. Сұранысты басқару – суды өте тиімді пайдалану.
9. Әлеуметтік өзгерістер құралдары – су ресурстарына күтіммен қарауға азаматтық қоғамды ынталандыру.
10. Қақтығыстарды шешу – су бөлу үрдісіндегі пікірталастарды шешуді қамтамасыз ету.
11. Реттеу құралдары - су ресурстарына лимиттер қою және пайдалану.
12. Экономикалық құралдар – тиімділік пен әділдікті қамтамасыз ету үшін бағалар мен төлемдерді пайдалану.
13. Ақпараттармен алмасу және басқару – су ресурстарын жақсы басқару үшін білім деңгейін арттыру.

СРББ және оның секторлармен байланысы



СРББ жоспарлаудың үздіксіз циклы



Қорытынды:

СРББ және суды үнемдеу жоспарының мазмұны институционалдық, қаржылық және технологиялық өзгерістерді қамтитын кең ауқымды болуға тиіс. СРББ тұжырымдамасы Қазақстан үшін жаңа тұжырымдама болып табылады. СРББ сияқты тәсіл - дәстүрлі тәсілдермен салыстырғанда неғұрлым тиімді әрі ұтымды тәсіл, себебі су денсаулық үшін, тағам үшін, энергия үшін, қоршаған орта үшін негізгі проблемаларын шешуді, елдің су шаруашылығы дамуын қамтамасыз етеді.

**Назарларыңызға
а рахмет!!!**